

Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 сәуір N 256. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.07.12. N 1063 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы беріліп отырған Ереже, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты мен жеке басының куәлігінің үлгісі және олардың сипаттамасы бекітілсін .

Ескерту. 1-тармағы Қазақстан Республикасы азаматы паспортының үлгісін бекіту бөлігінде күшін жойған - ҚРМК-нің 1994 ж. 22 сәуірдегі N 429 қаулысымен. P 9 4 0 4 2 9 _

2. Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ереже 1994 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы азаматтығының паспорты мен жеке басының куәлігін даярлауды, сондай-ақ халықты құжаттандыру жүйесін енгізуді қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені қолдану тәртібі туралы Нұсқауды 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін әзірлейтін болсын.

5. Паспорттардың ескі үлгісін Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа үлгідегі паспорттары мен жеке басының куәліктеріне айырбастау 1999 жылдың 1 наурызына дейін аяқталсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.09.18. N 1137 қаулысына сәйкес. P961137_

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.04. N 1235 қаулысына сәйкес. P981235_

6. Халықты Қазақстан Республикасы азаматының паспортымен және жеке басының куәлігімен құжаттандырудың саяси маңызын ескере отырып, облыстардың, аудандардың, қалалардың әкімдері:

Қазақстан Республикасы азаматының паспорттары мен жеке

басының куәліктерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда ішкі

істер органдарына көмек көрсетсін;

паспорт қызметіне қажетті штат саны, азаматтарға қызмет көрсетуге, тиісті құжаттамаларды сақтауға қолайлы жайлар бөлсін, сондай-ақ материалдық-техникалық құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 5 сәуірдегі

№ 256 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы

Ереже

Демократияның одан әрі нығаюы мен кеңеюі, жеке адамның құқы мен мүддесін қорғау жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарына заңда көзделгендегіден басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағы шегінде жүріп-тұру және тұрғылықты жерін таңдау еркіндігіне құқын сақтауға к е п і л д і к б е р і л е д і .

Қазақстан Республикасының азаматы жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау құқынан бет алды айырылмайды.

Осы Ереже паспорт жүйесін жетілдіруге, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңды іске асыруға, республиканың экономикалық дамуының мүддесіне орай халықтың көшіп келуін есептеуді жүзеге асыруға, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестерді реттеуге, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға жәрдемдесуге арналған.

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты жеке басын куәландыратын , Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын негізгі құжат болып табылады, ол 16 жасқа толған азаматтарға беріледі, республика аумағында және ш е т е л д е р г е ш ы қ қ а н д а ж а р а м д ы .

Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады және республика аумағында да, одан тыс жерлерде де Қазақстан Республикасының

қ о р ғ а у ы н д а

б о л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы біріккен Қарулы Күштерінің бөлімдерінде әскери қызметте жүрген және басқа елдердің азаматтары болып саналатын әскери қызметшілер, офицерлер мен прапорщиктер әскери бөлімдер мен әскери мекемелердің командованияесі берген жеке куәліктері мен әскери билеттері бойынша тұрады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар ықтиярхат бойынша тұра алады.

3. Паспорт қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады және мынадай мәліметтер болады.

- тегі, аты, әкесінің аты туралы;
- туған күні және жер;
- жынысы;
- ұлты (паспорт иесінің қалауы бойынша көрсетіледі) және азаматтығы;

- паспорт берген ішкі істер органы.

Паспортқа төмендегідей жазбалар мен белгілер енгізіледі:

- баратын елі мен мерзімі көрсетілген шетелге шығу туралы рұқсат жазбасы;

- паспорт иесімен бірге шетелге баратын 16 жасқа дейінгі

балалары туралы жазба (қажет болған жағдайда осы балалардың суреті жапсырылады);

- шетелге сапарының мақсаты туралы белгі;
- шекарадан өткені туралы шекаралық бақылау-тексеру пункттерінің белгісі.

Паспортқа Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген нысандағы таңбалар басылады.

Паспортқа басқа белгілер соғуға тыйым салынады.

Ескерту. 3-тармақтың 5-абзацы жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1996.03.04. N 277 қаулысымен.

P960277_

4. Қазақстан Республикасының аумағында паспортпен бірге және куәлік болады, ол 16 жасқа толғанда беріледі.

Куәлікте мыналар көрсетіледі:

тегі, аты, әкесінің аты;

туған күні және жері;

ұлты (жеке куәлік иесінің қалауы бойынша көрсетіледі);

тұрған жері;

куәлікті берген органның атауы;

берілген күні.

Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке бас куәлігін жоғалтқанда немесе ол пайдалануға жарамсыз болып қалғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан адамдарға, олар жаңа құжаттар алғанға дейін, уақытша жеке бас куәлігі беріледі.

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1996.03.04.

N 277 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.03.10. N 314 қаулысымен.

P970314_

II. Паспорт жүйесінің ережесін сақтауға жауапты адамдар

5. Паспорт жүйесінің ережесін сақтау жауапкершілігі
мыналарға жүктеледі:

азаматтарға;

тұрғын үйді пайдалану және тұрғын үй-коммуналдық кеңселерінің (бөлімдерінің) басшыларына, үйлерді пайдалану жөніндегі дирекцияларға, үй басқарушыларына, үйлердің, жатақханалар мен саяжай-құрылыс кооперативтерінің коменданттарына;

азаматтарды тіркеуге жататын қонақ үйлердің, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, пансионаттардың, туристік базалардың, ауруханалардың, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлердің және басқа мекемелердің директорларына (меңгерушілеріне);

Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерге туристік сапарын жүзеге асыратын мекемелердің, кооперативтердің және басқа да ұйымдардың б а с ш ы л а р ы н а ;

қарамағында тұрғын үй ғимараттары мен үй-жайлар бар үй иелеріне және б а с қ а д а а з а м а т т а р ғ а ;

азаматтарды жалдау және контракт бойынша жұмысқа қабылдауды жүзеге асыратын лауазымды және жеке адамдарға.

III. Қазақстан Республикасы азаматының паспорт алуы және пайдалануы

6. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда паспорт пен жеке куәлікті азаматтардың тұратын жері бойынша ішкі істер органдары береді, айырбастайды. Шетелдерде тұрақты тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері б е р е д і , а й ы р б а с т а й д ы .

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты мен жеке куәлік алу үшін тұратын жері бойынша ішкі істер органдарына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш, тууы туралы куәлік және ф о т о с у р е т т а п с ы р ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының азаматына жататын қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес белгіленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған немесе қалпына келтірілген адамдар паспорт алу үшін бұған қоса Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен нысан бойынша анықтама тапсырады.

7. Паспортты толтырған кезде азаматтың тегі, аты, әкесінің

аты және басқа мәліметтер тууы туралы куәлік негізінде жазылады.

8. Паспортқа ұлты туралы жазба ата-анасының ұлтына сәйкес жазылады. Ата-анасы әр ұлттың өкілі болса, азамат өз еркімен

әкесінің не шешесінің ұлтын таңдауға құқылы. Азаматтардың ұлты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

9. Азаматтардың паспорттары мен куәліктері мынадай жағдайларда ауыстырылады:

- 25 және 45 жасқа толғанда;
- тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;
- жазбалардағы жаңсақтықтар анықталғанда;
- ұлты туралы жазба өзгергенде;
- пайдалануға жарамай қалғанда;

Сонымен бірге азамат тұрған жерін өзгерткен кезде куәлік ауыстырылады.

Паспорты мен куәлігін ауыстыруға негізі бар адамдар тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына барады.

Мерзімі өтіп кеткен паспорт азаматтың жеке басын куәландыра алмайды, паспорттың қолдану мерзімі, ол туралы төлқұжаттың 30-бетінде тиісті жазба жасалып, алты айға бір рет ұзартылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.03.10.
N 314 қаулысымен. P970314_

10. Азаматтар паспорт пен куәлікті ұқыпты сақтауға, ал жоғалтып алған жағдайда орнына басқасын алу үшін тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына баруға міндетті. Шет елдерде тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары паспорттың жоғалтып алған жағдайда Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне немесе консулдық мекемелеріне х а б а р л а с а д ы .

11. Қазақстан Республикасының азаматтары паспортты мен куәлігін мынадай жағдайларда ішкі істер органдарына табыс етеді:

- Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде немесе а з а м а т т ы ғ ы н а н а й р ы л ғ а н д а .

Табылған паспорттар мен куәліктер, өлген адамдардың паспорттары мен куәліктері де ішкі істер органдарына өткізіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1996.03.04.
N 277 қаулысымен. P960277_

12. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты мен куәлігін заңда белгіленген жағдайларда анықтау, алдын ала тергеу немесе сот органдары алып қ о ю ы м ү м к і н .

13. Қамауға алынған сондай-ақ бас бостандығынан айырылып міндетті түрде еңбекпен түзеуге сотталған адамдардың паспорттары мен куәліктері алынып, үкімді орындаушы мекемелерде сақталады. Қамаудан босатылған немесе жазасын өтеу мерзімі біткен кезде паспорт иесіне қайтарылады.

14. Паспорттар мен куәліктерді кепілдікке қабылдауға және беруге, сондай-ақ оларды осы Ережеде көрсетілгеннен басқа жағдайларда алып қоюға болмайды.

15. Қазақстан Республикасының азаматына паспорттар мен куәліктер бергені үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген мөлшерде а қ ы а л ы н а д ы .

IV. Тұратын жері бойынша тіркеу мен реті

16. Азаматтар тұрғылықты тұратын жері мен уақытша тұратын жерінде тіркелуге міндетті. Тұратын жері бойынша ішкі істер органдары тіркейді.

17. Қазақстан Республикасының азаматтарын тұратын және келген жерінде тіркеу олардың белгіленген тәртіппен тұрғын үйді немесе тұрғын үй-жайды меншігіне алғанын растайтын, немесе тұрғын үй-жайды пайдалануға, соның ішінде шарт бойынша жалға алуға, жалға беруге және жалдауға алғанын куәландыратын құжаттар негізінде, сондай-ақ олардың тұрғын үй-жайға қоныстануына құқық беретін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

18. Тұратын жерінде тіркелуге жататындар:

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтары;
- үш айдан астам мерзімге уақытша тұруға Қазақстан Республикасына келген шетелдерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының бір жерінен екінші жеріне үш айдан астам мерзімге уақытша тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен а з а м а т т ы ғ ы ж о қ а д а м д а р ;
- казармалардан, корабльдерден және кемелерден тыс жерлерде тұратын ә с к е р и қ ы з м е т ш і л е р .

Қызмет бабымен немесе жеке шаруасымен Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

19. Мемлекет хауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қорғау, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету мүддесіне орай Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының жекелеген жерлерінде тұратын жерді таңдауға шектеу белгілеу мүмкін. Өзге шектеулер белгілеуге жол берілмейді.

Айрықша режим жағдайындағы (жабық әкімшілік-аумақтық құрылымдар) елді мекенде тұрақты тұратын немесе уақытша келген Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен алынған рұқсат табыс етіледі.

20. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тұрақты жер таңдауға шектеу белгілеген жерлерде осындай шектеулерге қарамастан тұрақты тұруға келген мынадай азаматтар тіркеледі:

- а) жұбайы - өз жұбайының тұрғын үй алаңына;
- б) кәмелетке толмаған балалар мен қамқорлыққа алынғандар - ата-анасының және қамқорлыққа алушылардың тұрғын үй алаңына;
- в) өзінің отбасы жоқ немесе кәмелетке толмаған балалары бар, алайда некеге тұрмаған кәмелетке толған балалар - ата-анасының тұрғын үй алаңына;
- г) ата-анасы - балаларының тұрғын үй алаңына;
- д) кәмелетке толмаған және ата-анасы жоқ бірге туған аға-іні мен апа-сіңлі, сондай-ақ еңбекке жарамайтын бірге тұрған аға-іні мен апа-сіңлі жастарына қарамай, егер өздерінің отбасы жоқ болса, - аға-інісінің немесе апа-сіңлісінің тұрғын үй алаңына;
- е) қарулы күштер қатарынан әскери қызметін өтеп қайтқан әскери қызметшілер, егер олар сол елді мекеннен әскери қызметке шақырылған болса - әскери қызметке шақырылғанға дейін тұрған тұрғын үй алаңына не ата-анасының немесе басқа туысқандарының тұрғын үй алаңына;
- ж) басында баспанасы жоқ запасқа немесе отставкаға шыққан ұзартылған мерзімдегі әскери қызметшілер, қарулы күштердің прапорщиктері, мичмандары мен офицерлері және олардың отбасылары - запасқа немесе отставкаға шыққан жақын туыстарының немесе жұбайының туыстарының тұрғын үй алаңына;
- з) бас бостандығынан айырған жерден жазасын өтеуден, айдаудан, жер аударудан босатылған адамдар, сондай-ақ міндетті еңбекке тарту жолымен бас бостандығынан айыруға соттауға, немесе халық шаруашылығының кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін бас бостандығынан айырған жерден шартты түрде босатуға байланысты шектеулер алынған адамдар, - өздері сотталғанға дейін тұрған отбасы мүшелерінің немесе туысқандарының тұрғын үй алаңына;
- и) уақытша басқа жаққа кетсе де қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тұрғын үй-жайды пайдалану құқы сақталатын азаматтар.

Аталған шектеулер уақытша тұру үшін келген мынадай санаттағы адамдарға қолданылмайды;

а) белгіленген тәртіппен жоғары немесе орта арнаулы оқу орындары қатарына жатқызылған оқу орындарының студенттеріне (тыңдаушыларына), сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі даярлау және қайта даярлау курстарының аспиранттарына, адъюнктерге, ординаторларға, тыңдаушыларға - о қ у д а ж ү р г е н к е з і н д е ;

б) белгіленген тәртіппен жоғары оқу орнына жатқызылатын Қазақстан Республикасының ҰҚК-і мен Ішкіминінің әскери академиялары мен оқу орындарының аспиранттарының, адъюнктерінің, ординаторлары мен тыңдаушылары о қ у д а ж ү р г е н к е з і н д е ;

в) запасқа немесе отставкаға шыққан ұзартылған мерзімдегі әскери қызметшілер, Қарулы Күштердің, ҰҚК органдарының прапорщиктері, мичмандары мен офицерлері (олардың отбасы мүшелері) әскерге шақырылғанға немесе қызметке кіріскенге дейін тұрақты тұрған елді мекендеріне, егер олар осы елді мекендерге запасқа немесе отставкаға шыққан соң үш айдың ішінде келмесе - осы елді мекенде белгіленген тәртіппен тұрғын үй алғанға дейін;

г) заңда белгіленген тәртіппен осы тақылеттес деп танылған босқындар.

21. Тұратын жері бойынша тіркеу жеке басын куәландыратын мынадай құжаттар ар қ ы л ы ж ү р г і з і л е д і :

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын 16 жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматтары - куәліктері бойынша;

ата-анасынан (қамқорлығына алушылардан, күтушілерден) бөлек тұратын 16 жасқа толмаған балалар - туу туралы куәліктері бойынша;

ата-анасымен (қамқорлығына алушылармен, күтушілермен) бірге тұратын 16 жасқа толмаған балалар - ата-аналарының (қамқорлығына алушылардың, күтушілердің) куәліктері бойынша олар туралы мәліметті ата-ананың (қамқорлығына алушының, күтушінің) бірін тіркегені туралы тиісті құжаттарға е н г і з у ж о л ы м е н ;

шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасына үш айдан артық уақытша тұруға келген болса - паспорты бойынша немесе оның орнына жүретін құжаттар бойынша;

республикада тұрақты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар - ы қ т и я р х а т б о й ы н ш а ;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері - әскери бөлімдер мен мекемелер командованияесі берген а н ы қ т а м а л а р б о й ы н ш а

22. Тіркелуге жататын адамдар осы Ереженің 5-тармағында

көрсетілген адамға жеті күн мерзімде тіркеуге мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

- тұрғын үй алаңын берген адамның және онымен бірге тұратын кәмелетке толған барлық отбасы мүшелерінің тіркеуге деген келісімі бар Ішкі істер министрлігі белгілеген нысандағы арызды;

- осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін.

Келіп түскен құжаттар үш күн мерзімде тіркеуді жүзеге асыратын органға табыс етілуі тиіс.

23. Тұратын жері бойынша тіркелген кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж салығы алынады.

24. Ішкі істер органдарында тіркелуден мына адамдар шығарылады:

басқа жаққа қоныс аударғандар;

заңды күшіне енген үкім негізінде бас бостандығынан айрылып сотталғандар;

тұрғын үй-жайды пайдалану құқын сот жойылған деп танығандар;
өлгендер;

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.03.04.

N 277 қаулысымен.

P960277_

25. Тұратын жерінен кеткендер осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген адамдарға мынадай құжаттарды табыс етеді:

ж а з б а ш а а р ы з ;

осы Ереженің 21-тармағында көзделген құжаттардың біреуін.

26. Тұрғылықты жері бойынша тіркеуді ресімдеу барысында осы Ережені, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерін немесе мемлекетаралық келісімдерін бұзуға жол берілген жағдайда оны ресімдеген ішкі істер органдары, сондай-ақ жоғары тұрған ішкі істер органдары немесе сот жоюы м ү м к і н .

Тұратын жері бойынша тіркеуді жою туралы талапты мүдделі

заңды ұйым немесе жеке адам Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген мерзімде қоя алады.

27. Тұратын жері бойынша тіркеуді жүзеге асыруға қажет құжаттардың нысанын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейді. Оны берген кезде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген мөлшерде ақы алынады.

V. Паспорт жүйесінің тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

28. Осы Ережені бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

VI. Халықаралық шарттарды қолдану

29. Егер Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шартында осы Ережедегін өзгеше ереже белгіленсе, мемлекетаралық шарт ережесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 сәуірдегі
N 256 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматының
паспорты
(сипаттамасы)

1. Паспорт кітапшасының көлемі 88X125 мм, оның ішінде

сутамғы белгілері бар арнаулы қағазда жасалған 16 парақ орналастырылған. Паспорт парақтарындағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Паспорттың мұқабасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауының түсіндей көгілдір түсті, онда:

а) қазақ және ағылшын тілдерінде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

REPUBLIC KAZANSTAN

деген алтын түсті батырма жазу бар;

б) ортасында - Қазақстан Республикасының Елтаңбасы;

е) елтаңбадан төмен
ПАСПОРТ

PASSPORT

деген батырма жазу бар.

Мұқабаның ішкі жағында Қазақстан Республикасы Елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі.

3. Паспорттың бірінші бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы, бұған қатысы бар адамдардың бәрінен, паспорт иесінің бөгетсіз өтуін және жүріп-тұруын қамтамасыз етуді, ал қажет болған жағдайда, оған заңды қолдау көрсетілуін және қорғалуын сұрап өтініш білдіреді"
д е г е н ж а з у б а р .

4. 2-беттен 29 бетке дейін шет елге шығатын кезде берілетін

виза мен рұқсат ету белгілеріне арналған. Тақ санды беттердің бәрінде паспорттың нөмірі бар.

5. 30-31 беттерде - Паспорт жүйесі туралы ережеден қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үзінді келтірілген.

6. 32-бетте қазақ және орыс тілінде "Қазақстан Республикасы азаматының паспорты", "Паспорт гражданина Республики Қазақстан" деп тігінен екі жолға жазылған.

Одан төменде қазақ және орыс тілінде жазу үшін орын қалдырылған:

Тегі, фамилия;

Аты, әкесінің аты, имя, отчество;

Ұлты, национальность;

Өз қолы, подпись;

7. Мұқабаның ішкі жағында қазақ тілінде "Қазақстан Республикасы" деп тігінен жазылған жазу бар.

Төменгі сол жағында "ПАСПОРТ", оның астында "PASSPORT" деген жазу, оң жағында паспорттың нөмірі.

Сол жағында сурет кәртiшкесiне орын қалдырылған.

Суреттің оң жағында мынадай жазу бар:

Тегі (Фамилия) Surname

Аты (Имя) Given names

Азаматтығы (Гражданство) Nationality
Туған күні, айы, жылы (Число, месяц, год рождения) Date of birth
Туған жері (Место рождения) Place of birth
Жынысы (Пол) Sex
Паспорт берген мекеме (Кем выдан паспорт) Authority
Паспорт берілген күні (Дата выдачи паспорта) Date of issue
Төменде мәшине шығаратын текске орын қалдырылған.

№ 3 Қосымша

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 сәуірдегі
№ 256 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы
Азаматының жеке куәлігі
(с и п а т т а м а с ы)

1. Жеке куәлік - мөлдір пластикалық қаптамасы бар, көлемі

70X100 мм баспаханалық жолмен жасалған түрлі-түсті кәртiшке.

Мұндағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Оның бет жағында:

а) жоғарғы шетінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" және "РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН" деп жазылған, бұлардың арасында Қазақстан Республикасының диаметрі 20 мм. Елтаңбасы бейнеленген;

б) олардан төмен "ЖЕКЕ КУӘЛІК" және "УДОСТОВЕРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ" деген жазулар бар;

в) елтаңбаның астында куәліктің нөмірі көрсетілген;

г) сол жағында мөлшері 33X43 мм сурет кәртiшкесі жапсырылған;

д) суреттің астында "қолы" "подпись" деп жазылған.

3. Суреттің оң жағында төрт көлбеу сызық тартылған. Олардың астында:

Тегі	Фамилия
Аты	Имя
Әкесінің аты	Отчество
Туған күні, айы, жылы	Число, месяц, год рождения

деп жазылған.

Текстен төмен азаматтық код орналастырылған.

4. Куәліктің сырт жағында сегіз көлбеу сызық тартылған.

Олардың астында:

Туған жері	Место рождения
Ұлты	Национальность
Тұрғылықты жері	Место жительства
Куәлік берген мекеме	Кем выдано удостоверение
Берілген күні	Дата выдачи

деген жазулар бар.